

**Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 14 сәуірдегі N 558 қаулысына өзгерістер енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 30 шілдедегі N 851 қаулысы. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2003.03.19. N 269 қаулысымен.

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 71-1-бабының 2-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Қосылған құнға салынатын салығы Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігімен келісім бойынша Мемлекеттік кіріс министрлігі белгілеген тәртіппен төленетін "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес босатылғандарды қоспағанда, ауыл шаруашылығы өндірісінде пайдаланылатын импортталған тауарлардың, сондай-ақ импортталған жабдықтардың, шикізаттардың, материалдардың, қосалқы бөлшектердің, дәрі-дәрмектердің тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 14 сәуірдегі N 558 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1997 ж., N 16, 131-құжат) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген қосылған құнға салынатын салығы Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігімен келісім бойынша Мемлекеттік кіріс министрлігі белгілеген тәртіппен төленетін "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес босатылғандарды қоспағанда, ауыл шаруашылығы өндірісінде пайдаланылатын импортталған тауарлардың, сондай-ақ импортталған жабдықтардың, шикізаттардың, материалдардың, қосалқы бөлшектердің, дәрі-дәрмектердің тізбесінде:

реттік нөмірі 212-3-жол алынып тасталсын;

реттік нөмірі 212-6-жол мынадай редакцияда жазылсын:

"212-6 Кадмий-никельді күш аккумуляторлары; 8507 30 930,  
басқалары 8507 30 980".

2. Осы қаулы жарияланған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қазақстан Республикасының*

*Премьер-Министрі*

